

ҒТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610105>

**Мәден Асылбек Төреханұлы<sup>\*1</sup>**

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, [maden.assylbek80@gmail.com](mailto:maden.assylbek80@gmail.com),  
ORCID ID: [0000-0003-4498-8105](https://orcid.org/0000-0003-4498-8105)

**Иван Оралсын Айтқұлұлы<sup>2</sup>**

7М01601-Тарих ББ. 2 курс магистранты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, [ivanoralsyn50@gmail.com](mailto:ivanoralsyn50@gmail.com),  
ORCID ID: 0009-0002-9365-0071

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНА КАВКАЗ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КҮШТЕП КӨШІРІЛУ ТАРИХЫ (1944 ЖЫЛ)

*Аңдатпа.* Мақалада 1944 жылы Солтүстік Кавказ халықтарының, соның ішінде шешендердің Ақтөбе облысына күштеп көшірілу тарихы архивтік деректер негізінде қарастырылады. Зерттеуде арнайы қоныс аударылғандардың облыс аудандарына орналастырылу жоспарлары, олардың колхоздарда, совхоздарда, өнеркәсіп кәсіпорындары мен артельдерде еңбекке тартылу ерекшеліктері, сондай-ақ тұрғын үй, азық-түлік, медициналық қызмет көрсету және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлары талданады. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары жергілікті билік органдарының ұйымдастырушылық әлсіздігін, арнайы қоныс аударылғандардың ауыр әлеуметтік-экономикалық ахуалын, антисанитарлық жағдай мен түрлі індеттердің кең таралғанын көрсетеді. Сонымен қатар мақалада шешендер мен жергілікті халық арасындағы әлеуметтік шиеленістердің себептері ашылып, кеңестік депортациялық саясаттың аймақтық деңгейдегі салдары көрсетіледі. Зерттеу нәтижелері кеңестік тоталитарлық жүйенің адам тағдырына тигізген зардаптарын және Қазақстан тарихындағы күштеп қоныс аудару үдерістерінің ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ тарихи әділеттілікті қалпына келтіру тұрғысынан маңызды ғылыми қорытындылар ұсынады.

*Кілт сөздер.* Күштеп көшіру, шешендер, арнайы қоныс аударылғандар, Ақтөбе облысы, архивтік деректер, кеңестік саясат

**Мәден Асылбек Төреханұлы<sup>\*1</sup>**

Кандидат исторических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, [maden.assylbek80@gmail.com](mailto:maden.assylbek80@gmail.com),  
ORCID ID: 0000-0003-4498-8105

**Иван Оралсын Айтқұлұлы<sup>2</sup>**

Магистрант 2 курса ОП 7М01601-История, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе, Казахстан, [ivanoralsyn50@gmail.com](mailto:ivanoralsyn50@gmail.com),  
ORCID ID: 0009-0002-9365-0071

## ИСТОРИЯ ДЕПОРТАЦИИ НАРОДОВ КАВКАЗА В АКТЮБИНСКУЮ ОБЛАСТЬ (1944 ГОД)

*Аннотация.* В статье на основе архивных материалов рассматривается история депортации народов Северного Кавказа, прежде всего чеченцев, в Актюбинскую область

в 1944 году. Особое внимание уделяется плану размещения спецпереселенцев по районам области, их вовлечению в сельскохозяйственное и промышленное производство, а также условиям проживания, продовольственного обеспечения, медицинского обслуживания и социально-бытового положения. Документы Актюбинского областного государственного архива свидетельствуют о серьезных организационных просчетах местных органов власти, тяжелом социально-экономическом положении спецпереселенцев, антисанитарных условиях и широком распространении различных заболеваний. В статье также анализируются причины возникновения социальной напряженности и отдельных правонарушений, зафиксированных среди переселенного населения. Полученные результаты позволяют глубже понять последствия тоталитарной системы для судеб людей и особенности процессов принудительного переселения в истории Казахстана, а также формулировать важные научные выводы в контексте восстановления исторической справедливости и переосмысления исторического опыта.

**Ключевые слова.** Депортация, чеченцы, спецпереселенцы, Актюбинская область, архивные источники, советская политика

**Maden Assylbek Torekhanuly**<sup>\*1</sup>

K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan,  
[maden.assylbek80@gmail.com](mailto:maden.assylbek80@gmail.com), ORCID ID: 0000-0003-4498-8105

**Ivan Oralsyn Aitkululy**<sup>2</sup>

2nd-year Master's student, Educational Program 7M01601 – History, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, [ivanoralsyn50@gmail.com](mailto:ivanoralsyn50@gmail.com),  
ORCID ID: 0009-0002-9365-0071

## **HISTORY OF THE DEPORTATION OF THE PEOPLES OF THE CAUCASUS TO THE AKTOBE REGION (1944)**

**Abstract.** The article, based on archival materials, examines the history of the deportation of the peoples of the North Caucasus, primarily Chechens, to the Aktobe region in 1944. Particular attention is paid to the plans for the settlement of special settlers across the districts of the region, their involvement in agricultural and industrial production, as well as their living conditions, food provision, medical care, and socio-economic situation. Documents from the Aktobe Regional State Archive reveal significant organizational shortcomings of local authorities, the severe socio-economic conditions of the special settlers, unsanitary living conditions, and the widespread occurrence of various diseases. The article also analyzes the causes of social tension and specific offenses recorded among the resettled population. The findings contribute to a deeper understanding of the consequences of the totalitarian system for human destinies and the specific features of forced migration processes in the history of Kazakhstan, as well as to formulating important scholarly conclusions in the context of restoring historical justice and reinterpreting historical experience.

**Key words.** Deportation, Chechens, special settlers, Aktobe region, archival sources, Soviet policy

**Кіріспе.** XX ғасырдың 30-40-шы жылдары Кеңес Одағының ішкі саясаты тоталитарлық басқару жүйесінің күшеюімен, халықтарға қарсы жүргізілген

репрессиялық шаралардың ауқымымен ерекшеленді. Соның ең ауыр әрі қайғылы көріністерінің бірі – кавказ халықтарының күштеп көшірілуі болды. Бұл үдеріс Екінші дүниежүзілік соғыс жағдайында кеңес билігінің қауіпсіздік, ұлттық саясат және әскери-стратегиялық мүдделермен ақталған шешімдерінің нәтижесінде жүзеге асырылды.

Кавказ халықтарын күштеп көшірудің негізгі алғышарттары ретінде сталиндік биліктің ұлттық аймақтарға деген сенімсіздігі, орталықтандырылған бақылауды күшейтуге ұмтылысы және соғыс жағдайын сылтау ете отырып, тұтас этностарды «сенімсіз» деп жариялау саясаты алға шықты. Кеңес өкіметі Солтүстік Кавказ аймағын әскери-стратегиялық тұрғыдан маңызды өңір ретінде қарастырып, жергілікті халықтарды неміс әскерлерімен ықтимал ынтымақтастығы бар деп айыптады. Алайда бұл айыптаулардың басым бөлігі дәлелсіз болды және тұтас халықтарды жаппай жазалауға негіз болды.

1943-1944 жылдары КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің құпия қаулылары негізінде шешендер мен ингуштар, қарашайлар, балқарлар, сондай-ақ бірқатар басқа да кавказ халықтары тарихи атамекендерінен күштеп көшірілді [1, 238-253 бб.]. Аталған халықтар Орта Азия мен Қазақстан аумағына «арнайы қоныс аударылғандар» мәртебесімен орналастырылып, қатаң әкімшілік бақылауға алынды. Бұл көшірілу барысында жүз мыңдаған адамдар туған жерінен айырылып, ауыр жол азабын, аштықты, ауруды және адам шығынын бастан кешірді.

Қазақстан, соның ішінде Ақтөбе облысы, күштеп көшірілген кавказ халықтарын қабылдаған негізгі аймақтардың бірі болды. Кеңес билігі арнайы қоныс аударылғандарды республиканың әртүрлі облыстарына тарата орналастырып, оларды колхоздарда, совхоздарда, өнеркәсіп кәсіпорындарында және қолөнер-кәсіпшілік артельдерде еңбекке тартуды көздеді. Алайда іс жүзінде бұл үдеріс үлкен ұйымдастырушылық қиындықтармен, материалдық-тұрмыстық тапшылықпен және жергілікті билік органдарының салғырттығымен қатар жүрді.

Кавказ халықтарының, әсіресе шешендердің Ақтөбе облысына күштеп қоныстандырылуы олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының күрт нашарлауына алып келді. Тұрғын үй жетіспеушілігі, азық-түлік тапшылығы, медициналық көмектің әлсіздігі, еңбекке орналастырудағы олқылықтар арнайы қоныс аударылғандар арасында жоғары өлім-жітім мен аурушандықтың таралуына себеп болды. Сонымен қатар, бұл жағдайлар жергілікті халық пен көшірілгендер арасында әлеуметтік шиеленістердің туындауына да ықпал етті.

Осы тұрғыдан алғанда, кавказ халықтарының күштеп көшірілу тарихын, оның ішінде Ақтөбе облысындағы арнайы қоныс аударылғандардың орналастырылуы мен тұрмыс жағдайын архивтік деректер негізінде зерттеу – тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы маңызды ғылыми міндет болып табылады. Бұл зерттеу кеңестік тоталитарлық жүйенің адам тағдырына тигізген зардаптарын ашып көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан тарихындағы депортациялық саясаттың өңірлік қырларын терең түсінуге мүмкіндік береді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Кавказ халықтарының Қазақстанға депортациялануы мәселесі кеңестік және посткеңестік кезеңдердегі тарихи зерттеулерде маңызды орын алады. Дегенмен, кеңестік дәуірдегі еңбектерде депортация мәселесі кешенді әрі объективті зерттелмеді. Ол еңбектерде халықтарды күштеп көшіру көбінесе «қауіпсіздік шарасы» немесе «мемлекеттік қажеттілік» ретінде түсіндірілді. Кавказ халықтарының депортациясы туралы нақты деректер шектеулі болды. Негізгі деректер Ресей архивтерінде сақталды.

1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басында, яғни қайта құру кезеңінде, халықтардың күштеп көшірілу мәселесіне қатысты көзқарастар өзгере бастады. Бұрын

жабық болған архив материалдарына қолжетімділік артты, нәтижесінде тарихи шындықты қайта қарастыру үрдісі басталды. Осы кезеңде депортацияның себептері мен салдарын объективті бағалауға бағытталған алғашқы зерттеулер пайда болды. Солардың бірі Н.Ф. Бугайдың «Л. Берия – И. Сталину: Согласно Вашему указанию...» [2] монографиясы. Автор еңбегінде халықтарды күштеп көшіру тарихын кешенді түрде қарастырып, аталмыш саясаттың кезеңдері мен заңдылықтарын ашып көрсетеді.

Посткеңестік кезеңде бұл мәселе Қазақстанда да кең көлемде зерттеле бастады. Қазақстандық және ресейлік зерттеушілер депортацияланған халықтардың тағдырын, олардың жаңа ортаға бейімделуін, әлеуметтік жағдайын және этнодемографиялық өзгерістерін жан-жақты қарастырды. Отандық тарихшылар бұл тақырыпты ел тарихының құрамдас бөлігі ретінде зерттеп, депортацияланған халықтардың Қазақстан қоғамының дамуына қосқан үлесін де атап өтті. Елімізде алғашқылардың бірі болып бұл мәселеге М.Қ. Қозыбаев [3; 4] назар аударды. М.Қ. Қозыбаев өз еңбектерінде халықтардың күштеп көшірілу тарихының теориялық-методологиялық мәселелерін айқындап берді. Сонымен қатар, осы мәселеге арналған К.С.Алдажұмановтың [5], Т. Кульбаев пен А. Хегайдың [6], М.Ч.Қалыбекованың [7], Ж.У. Қыдыралинаның [8], А.Т. Орымбаевтың [9], Ж.А. Еремекбаевтың [10], А.Н.Табулденовтың [11], Л.К. Шотбақованың [12] және басқалардың еңбектерін атап өткен жөн. Бұл зерттеулерде мәселенің жекелеген қырлары мен аймақтық ерекшеліктері көрсетілген.

Осылайша, кавказ халықтарының Қазақстанға депортациялану мәселесінің тарихнамасы кеңестік идеологиялық шектеулерден қазіргі кезеңдегі объективті және кешенді зерттеулерге дейінгі эволюциялық жолдан өтті. Бүгінгі таңда бұл мәселе тарихи әділеттілікті қалпына келтіру және ұлттық тарихты терең түсіну тұрғысынан маңызды ғылыми бағыттардың бірі болып табылады.

Мақаланы жазу барысында негізгі дереккөз ретінде Ақтөбе облыстық мемлекеттік архивінің құжаттары пайдаланылды. Атап айтқанда, «Ленин аудандық партия комитеті» деп аталатын 6-қордың және «Қазақстан КП Ақтөбе облыстық комитеті» деп аталатын 13-қордың материалдары негізге алынды. Зерттеу барысында 13-қордың 13-тізбесіне жататын 22-іс, 31-іс, 40-іс құжаттары, сондай-ақ 6-қордың 1-тізбесіндегі 544-іс құжаттары зерделенді. Аталған құжаттарда кавказ халықтарының, соның ішінде шешендердің Ақтөбе облысы аудандары бойынша орналастырылуы, олардың шаруашылық және еңбек салаларына тартылуы, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы, сондай-ақ қоныстану процесінде туындаған қиындықтар мен кедергілер жөніндегі мәліметтер қамтылған. Бұл құжаттар кеңестік биліктің арнайы қоныс аударылған халықтарға қатысты жүргізген саясатының аймақтық деңгейдегі ерекшеліктерін ашып көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін тарихи ғылымда кеңінен қолданылатын жүйелілік, тарихилық және объективтілік қағидаттары құрайды. Зерттеу барысында тарихи-генетикалық әдіс арқылы шешен халқының қоныстандырылу үдерісінің пайда болу себептері мен даму барысы талданды, ал тарихи-салыстырмалы әдіс әртүрлі аудандардағы жағдайларды салыстыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар архивтік деректерді мазмұндық талдау әдісі қолданылып, құжаттардағы сандық және сапалық мәліметтер сараланды. Статистикалық деректерді пайдалану арқылы шешендердің орналасу ауқымы мен еңбекке тартылу деңгейі анықталды. Аталған әдістер кешені зерттеу тақырыбын жан-жақты ашуға және алынған қорытындылардың ғылыми негізділігін қамтамасыз етуге бағытталды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Жергілікті архив құжаттары Ақтөбе облысының аумағына 30 мыңнан 40 мыңға дейінгі күштеп көшірілген кавказ халықтарын орналастырудың жоспарланғандығын көрсетеді. Жоғарыда атап өтілгендей,

оларға «арнайы қоныс аударылғандар» мәртебесі берілді. Облыс басшылығы Қазақстан К(б)П ОК-нің 1944 жылғы 15 қаңтардағы қаулысын орындау мақсатында Ақтөбе облысына 30 мың арнайы қоныс аударылғандарды қабылдап, орналастыруды көздеген. Көшірілген арнайы қоныс аударылғандарды совхоздарға, қосалқы шаруашылықтарға, колхоздарға, қолөнер-кәсіпшілік артельдерге және өнеркәсіптік кәсіпорындарға орналастыру жоспарланған. Арнайы қоныс аударылғандарды облыс аудандарына төмендегідей ретпен бөлу қарастырылды:

1. Жұрын - 3500 адам;
2. Ключевой - 3500 адам;
3. Мәртөк - 4000 адам;
4. Новоресей - 4000 адам;
5. Родников - 1500 адам;
6. Степной - 2500 адам;
7. Темир - 4000 адам;
8. Қобда - 4000 адам;
9. Шалқар - 3000 адам.

Барлығы - 30 мың адам.

Бір ауылдық кеңестің аумағына, совхоздарға және қосалқы шаруашылықтарға кем дегенде 50 отбасыдан орналастыру жоспарланған.

Ақтөбе облыстық еңбекшілер депутаттары Кеңесінің атқару комитеті мен Қазақстан К(б)П обкомы бюросының 1944 жылдың 25 қаңтарындағы қаулысына сәйкес арнайы қоныс аударылғандарды қабылдау, орналастыру және жұмыспен қамту жөніндегі барлық дайындық жұмыстарын 1944 жылғы 15 ақпанға дейін аяқтау қарастырылды [13, 8-8 п. аб].

Екінші бір архив дерегі бойынша Ақтөбе облысына 40 мың арнайы қоныс аударылғандарды орналастыру көзделген. Оларды аудандарға төмендегідей көлемде орналастыру жоспарланды (1 кесте) [14, 5 п.].

1 кесте. Ақтөбе облысының аудандарында арнайы қоныс аударылғандарды орналастырудың болжамды жоспары

№ р/р	Аудандар атауы	Колхоздар саны	Ондағы аулалар саны	Орналастырылатын қоныс аударушылардың болжамды саны
1	Байғанин	40	2016	3000
2	Шалқар	38	1850	3000
3	Ырғыз	64	3236	-
4	Қарабұтақ	56	2045	3000
5	Темир	42	1872	4000
6	Жұрын	35	1750	3500
7	Ключевой	59	3105	4000
8	Ойыл	72	3564	3000
9	Қобда	49	3655	4500
10	Ақтөбе	3	113	-
11	Родников	19	1073	1500
12	Мәртөк	54	4392	4000
13	Новоресей	36	1855	4000
14	Степной	28	2028	2500
	Барлығы	595	32554	40000

Кестеден көрініп тұрғандай, Солтүстік Кавказдан көшірілген арнайы қоныс аударылғандарды бастапқыда облыстың барлық аудандарына орналастыру жоспарланған. Алайда көптеген аудандар іс жүзінде қоныс аударушыларды қабылдауға дайын болмады. Бұған қоса, осы кезеңде облыс аумағына мыңдаған эвакуацияланған халықтардың келуі жағдайды одан әрі күрделендірді. Соның нәтижесінде аудандардағы әлеуметтік-экономикалық ахуал айтарлықтай шиеленісті.

Арнайы қоныс аударушыларды орналастыру жоспарлары аудандар бойынша да жасалды. Мысалы, Степной ауданына орналастыру көзделген 500 отбасы немесе 2500 адамды 29 колхоздар мен совхоздарға бөлу жоспарланған. Аталған аудан бойынша арнайы қоныс аударылғандарды шаруашылықтық нысандарға бөлу жоспарын төмендегі кестеден көреміз (2 кесте) [15, 20-20 п. аб].

2 кесте. Степной ауданы бойынша арнайы қоныс аударылғандарды шаруашылықтық нысандарға орналастыру жоспары

№ р/р	Колхоздар мен совхоздар атауы	Орналастырылатын арнайы қоныс аударылғандар саны	Көшірілгендерді түсіру орны
1	Авангард колхозы	100	Қандыағаш-Орск т.ж. №5 разъезді
2	Ақай колхозы	30	- // - // -
3	Жанатұрмыс колхозы	30	- // - // -
4	Қарғалы колхозы	75	- // - // -
5	Большевик колхозы	50	- // - // -
6	Шевченко колхозы	25	- // - // -
7	Красная Гвардия колхозы	25	- // - // -
8	Ударник колхозы	75	- // - // -
9	Новая-Деревня колхозы	50	- // - // -
10	Доброволец колхозы	100	- // - // -
11	Красный партизан колхозы	75	- // - // -
12	Қызылшың колхозы	20	- // - // -
13	Кеңсайран колхозы	25	- // - // -
14	Кеуметы колхозы	10	- // - // -
15	Көктоғай колхозы	30	- // - // -
16	Қызылсу колхозы	50	- // - // -
17	Красная Армия колхозы	100	- // - // -
18	Чапаев атындағы колхоз	100	- // - // -
19	Искра колхозы	100	- // - // -
20	18 партсъезд атындағы совхоз	200	- // - // -
21	Қосестек МТС	50	- // - // -
	Барлығы	1220	
1	Червоное поле колхозы	100	- // - // -
2	Буденный атындағы колхоз	100	- // - // -
3	Передовик колхозы	200	- // - // -
4	Красный Маяк колхозы	100	- // - // -
5	Новый Путь колхозы	100	- // - // -
6	Красное поле колхозы	50	- // - // -
7	Ащылысай МТС	50	- // - // -
8	Красный Минерал артелі	100	- // - // -
	Барлығы	800	

1	Кемпісай кеніші	350	Қандыағаш-Орск т.ж. Кемпірсай ст
2	Р.Люксембург атындағы колхоз	50	- // - // -
3	Қызылсай колхозы	20	Қандыағаш-Орск т.ж. №5 разъезді
4	Дзержинский атындағы колхоз	10	- // - // -
	Барлығы	480	

Жоғарыда берілген деректерден көрінетіндей, арнайы қоныс аударылғандар колхоздарға, совхоздарға, артельдерге, МТС-терге, түрлі кәсіпорындарға орналастырылды. Үкімет оларға бірінші кезекте тегін жұмысшы күші ретінде қарады.

Арнайы қоныс аударылғандар аталған шаруашылық нысандарының бос тұрған ғимараттарына, колхозшылардың үйлеріне, совхоздар, МТС және басқа кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметкерлерінің пәтерлеріне орналастырылды [13, 8 п.].

Архив деректері күштеп көшірілген кавказ халықтарының жекелеген ұлттар бойынша санын анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы, өңірге күштеп жер аударылған кавказ халықтарының негізгі денінің шешендер болғандығын атап өткен жөн. 1944 жылғы 4 мамырда орталыққа жіберілген Ақтөбе облысында арнайы қоныс аударылғандарды орналастыру туралы аса құпия баяндамалық жазба бойынша облысқа барлығы 4129 шешен арнайы қоныс аударылған отбасылары келген. Олардың жалпы саны 20 248 адамды құрады. Оның ішінде 3 860 ер адам, 3 467 әйел, 16 жасқа дейінгі 10 944 бала және 16–18 жас аралығындағы 1 977 жасөспірім бар.

Арнайы қоныс аударылғандар Ақтөбе, Шалқар, Темір, Родников, Степной, Мәртөк, Қобда, Жұрын, Ключевой және Новоресей аудандарын қоса алғанда, барлығы 10 ауданға орналастырылды. 12 053 адамнан тұратын 2 320 отбасы колхоздарға, 607 отбасы (2 717 адам) – совхоздарға, 73 отбасы (365 адам) – мұнай кәсіпшіліктеріне, 733 отбасы (3 023 адам) – көмір өнеркәсібіне, 37 отбасы (165 адам) – Никельтау кенішіне, 126 отбасы (589 адам) – теміржол көлігіне қарасты колхоздарға, 93 отбасы (480 адам) – өнеркәсіптік артельдерге, 140 отбасы (607 адам) – түрлі шаруашылық ұйымдары мен мекемелерге орналастырылды.

Арнайы қоныс аударылғандар арасында бұрынғы партия-кеңес қызметкерлері ретінде 10 адам тіркелген, олардың ішінде облыстық деңгейдегі басшы қызметкерлер – 1 адам, аудандық деңгейдегілер – 9 адам. Солардың бірі – комсомол обкомының насихат жөніндегі бұрынғы хатшысы Мамаев сол уақытта колхозда бригадир болып жұмыс істейді, ал қалғандары бригадирлердің көмекшілері әрі аудармашы қызметін атқарған [14, 7 п.].

Әртүрлі мамандық иелерінен барлығы 436 адам есепке алынған. Олардың ішінде: токарьлар – 10, слесарьлар – 4, бұрғылаушылар – 3, тракторшылар – 6, ағаш ұсталары – 91, етікшілер – 46, тігіншілер – 48, темір ұсталары – 28, электр дәнекерлеушілер – 5, монтерлер – 2, мұғалімдер – 124, есеп қызметкерлері – 36, бақша өсірушілер – 4, ірімшік жасаушылар – 1, аспаз – 1, ағаш шебері – 2, қалайы шебері – 2, агрономдар – 1, зоотехниктер – 2, бағбандар – 1, ветеринария қызметкерлері – 6, медицина қызметкерлері – 2, суретшілер – 1 адам.

Аталғандар ішінде мамандығы бойынша жұмыс істеп жүргендер: токарьлар – 10, слесарьлар – 4, бұрғылаушылар – 3, тракторшылар – 6, ағаш ұсталары – 91, етікшілер – 46, тігіншілер – 27, темір ұсталары – 38, электр дәнекерлеушілер – 1, көкөніс өсірушілер – 4, столярлар – 2, зоотехниктер – 2, ветеринария қызметкерлері – 6, агрономдар – 1, медицина қызметкерлері – 2. Қалғандары 1944 жылғы 4 мамырдағы мәліметке сәйкес өз

мамандығы бойынша жұмыс ұсынуға мүмкіндік жоқ қоныстандыру орындарында орналасқан [14, 7-7 п. аб].

1944 жылғы 4 мамырдағы жағдай бойынша көшірілген арнайы қоныс аударылғандар ішінен 1337 отбасы колхоздарға қабылданды.

Арнайы қоныс аударушылар арасында еңбекке қабілетті 7526 адам есепке алынған, олардың 5354-і жұмыспен қамтылған, 2182 адам жұмыс істемеді. Жұмыспен қамтылғандардың ішінде колхоздарда – 1254 адам, совхоздарда – 435 адам, өнеркәсіп кәсіпорындарында – 493 адам еңбек етті. Жұмыс істемейтіндердің басым бөлігін кәметке толмаған балалары бар әйелдер құрады. Сонымен қатар ер адамдардың жұмысқа шықпау жағдайлары да кездеседі. Бұл, біріншіден, аяқ киім мен киім-кешектің жоқтығымен, екіншіден, кейбір шаруашылық басшыларының жұмыс күшін толық әрі тиімді пайдалана алмауымен түсіндіріледі.

Лудандардың хабарлауынша, арнайы қоныс аударылғандар өнеркәсіптегі, сондай-ақ колхоздардағы көктемгі егіс науқаны кезіндегі жұмыстарға дұрыс көзқарас танытқан. Алайда нақты көрсеткіштердің болмауына байланысты жақсы жұмыс істеп жүргендерді атап көрсету мүмкін болмаған.

20 сәуірдегі мәлімет бойынша арнайы қоныс аударылғандардың 2477 отбасына бау-бақша үшін үй іргесінен қосалқы жер телімдері бөлініп берілді. Жер телімдерін бөлу жұмыстары жалғасуда. Дегенмен, арнайы қоныс аударылғандардың өз тұқым қоры болмады, олар облыстық атқару комитеті бөлген қорлар есебінен қамтамасыз етілді. Атап айтқанда, тұқымдық қарыз ретінде 156 центнер жүгері, 44 центнер тары бөлінген. Көкөніс тұқымдарымен жергілікті колхоздар және қосалқы шаруашылықтар арқылы қамтамасыз етілген.

Арнайы қоныс аударылғандар тарапынан сатып алынған тұрғын үйлер болмады. Жаңа үйлер салу жұмыстары басталмады, иесіз қалған құрылыстарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген [14, 7 п. аб].

4 мамырдағы жағдай бойынша карточкалық жүйемен 1809 отбасы қамтамасыз етілген, ал 2320 отбасы 100 грамм ұн және 50 грамм тары мөлшеріндегі нормалар бойынша азық-түлік пайогын алып келген [14, 8 п.].

Арнайы қоныс аударылғандардың аудандардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы өте төмен болды. Оларды еңбектік және шаруашылықтық жағынан орналастыру жұмыстары өз деңгейінде ұйымдастырылмады. Соған байланысты арнайы қоныс аударылғандар қатарынан тек әйелдер мен жасөспірімдер ғана емес, ер адамдардың да едәуір бөлігі колхоздарда, совхоздарда және өнеркәсіп кәсіпорындарында өндірістік жұмыстарға тартылмады. 1944 жылғы 19 маусымдағы мәлімет бойынша арнайы қоныс аударылғандардың 2351 отбасының ішінен колхоздарға небәрі 1462 отбасы ғана кірген. Әсіресе Мәртөк ауданында жағдай өте нашар болды: арнайы қоныс аударылғандардың жалпы санының тек 41%-ы ғана колхоздарға қабылданды, ол көрсеткіш Ключевой ауданында – 48 %, Новороссийск ауданында – 41,8 % тең болды.

Колхоздарға орналастырылған шешен арнайы қоныс аударылғандардың едәуір бөлігіне үй іргесіндегі қосалқы жер телімдері берілмеді, соның салдарынан қосалқы диқаншылықпен бар болғаны 2639 отбасы немесе 63,8 % ғана қамтамасыз етілді.

Арнайы қоныс аударылғандарға тұрғын үй алаңын бекіту және жаңа үйлер салу жұмыстары да баяу жүргізілді. Сонымен қатар, көшірілгендер орналасқан тұрғын жайлардың тарлығы мен санитарлық жағдайының нашарлығы бірқатар жерлерде жұқпалы аурулардың таралуына әкеп соқты. Соның нәтижесінде 1944 жылдың 19 маусымындағы мәлімет бойынша сүзек ауруынан 229 адам қайтыс болған. Аурудан

кейін әлсіреген және науқас шамамен 1096 адам еңбекке жарамсыз күйде қалып, жұмысқа тартылмады.

Арнайы қоныс аударылғандарға мал беруге дайындық жұмыстары баяу жүргізілді. Колхоздардың көпшілігі мал берілуі тиіс арнайы қоныс аударылғандардың тізімін уақытында ұсынбаған. Кейбір жерлерде арнайы қоныс аударылғандардың өндірістік жұмысқа белсенді қатысуы үшін қажетті жағдай жасаудың орнына, керісінше, оған кедергілер келтірілген. Мәселен, Құрашасай көмір кентінде шешен арнайы қоныс аударылғандардың балаларын бөбекжайларға және басқа да мектепке дейінгі мекемелерге қабылдамаған, соның салдарынан әйелдердің жұмысқа шығу мүмкіндігі шектелді [13, 38-38 п. аб].

Облыстық партия комитеті жүргізген шешен арнайы қоныс аударылғандарды еңбекке орналастыру және олардың материалдық-тұрмыстық жағдайы жөніндегі тексеру нәтижелері ҚП(б)К аудандық комитеттері мен аудандық кеңестердің атқару комитеттері бұл мәселеге тиісті деңгейде көңіл бөлмейтінін, кәсіпорындар, совхоздар мен колхоздар басшыларына қажетті талап қоймайтынын көрсеткен.

Мысалы, «Алға» кентіндегі Ақтөбе химия комбинаты зауытында шешендер жөндеуден өтпеген барактарда тым тығыз жағдайда тұруға мәжбүр болған. Тұрғын жайлардың іші-сырты ластанған, санитарлық жағдайы өте нашар. Адамдар қатты әлсіреген, дұрыс киінбеген, шешендердің басым бөлігі жұмыс істемейді. Ауру адамдар дер кезінде сау адамдардан оқшауланбайды, оларға қажетті медициналық көмек жеткіліксіз көрсетіледі. Соның салдарынан шешендер арасында өлім-жітім деңгейі жоғары, алайда қайтыс болғандардың мәйіттері уақытылы шығарылмай, жерленбейді. Шешендер арасында жаппай-саяси және мәдени-ағарту жұмыстары мүлде жүргізілмеген [14, 1 п.].

Осы Алға кентіндегі шешендердің тұрмыс жағдайын кезекті бір тексеру кезінде төмендегідей жағдайлар анықталған. Алға кентінде тұратын шешен арнайы қоныс аударылғандар саны шамамен 500 адамды құрады, олардың басым көпшілігі №3 және №4 қаңқалы барактарда орналастырылған және өте бей-берекет жағдайда өмір сүрді. Өлім жағдайлары орын алған, қайтыс болғандардың мәйіттері бірнеше күн бойы алынбай, жерленбей, сол адамдар тұрып жатқан орындарда қалдырылған. Аталған барактардың іші де, сырты да аса ауыр, адам төзгісіз жағдайда: қатты ластанған, ішіне кіру де, өту де мүмкін емес. Сонымен қатар бұл барактар әртүрлі жолдармен қирай бастаған: терезе жақтаулары, баспалдақ тұғырлары, кей жерлерде едендері де бөлшектеліп, отын ретінде жағылған.

№ 4 үйде 36 шаршы метрлік 3-ші бөлмеде 26 адам тұрған, ал 10 шаршы метрлік ас үйде 18 адам тұрған. №3 үйде 2-ші бөлмеде 18 адам, ас бөлмесінде 11 адам тұрған. 4-ші бөлмеде 18 адам, ал ас үйде 13 адам тұрған. Аталған бөлмелердің барлығы, терезелері, пештері мен есіктерін қоса алғанда, толық жөндеуді қажет ететін жағдайда болған. Соған қарамастан, №3 және №4 каркасты үйлердегі барлық бөлмелер шамадан тыс толып кеткен. Онда тұрып жатқан шешен арнайы қоныс аударылғандардың жағдайы өте ауыр: адамдар әбден әлсіреген, киім-кешегі жұтаң, олардың көпшілігі жұмыс істемеушілер қатарында болған.

Зауыт директорының мәліметі бойынша сол тұста зауытта 115 адам жұмыс істеген, олардың қарауында 344 асырауындағы адам болған. Колхоздардан келген шамамен 100 адам іс жүзінде қараусыз, бақылаусыз жағдайға түскен. Тіпті зауытта жұмыс істейтін, азық-түлік паегін алуға заңды карточкалары бар шешендердің өздері де оны алу тәртібін білмеу салдарынан паек ала алмай отырған жағдайлар кездескен [14, 2 п.].

Бірқатар аудандарда арнайы қоныс аударылғандардың қысқы кезеңге арналған отыны дайындалмаған, берілген мал азықпен қамтамасыз етілмеген және т.б. Арнайы

қоныс аударылғандардың барлығы бірдей еңбекке тартылмаған, соның салдарынан олардың бір бөлігі бос сенделіп жүрумен айналысып, қоныстанған жерлерінен қашу жағдайлары тіркелген, мал ұрлау, тұрғын үйлерден тұрмыстық заттарды ұрлау сияқты әрекеттерге барып отырған.

Әсіресе Темір ауданындағы Шұбарқұдық станциясында арнайы қоныс аударылғандарды еңбекке орналастыру мәселесі өз деңгейінде шешімін таппағаны байқалады. Мұнда 462 арнайы қоныс аударылғанның тек 69-ы ғана жұмыс істеген. Қысқы кезеңге арналған отынмен отбасылардың ешқайсысы толық қамтамасыз етілмеген, арнайы қоныс аударылғандардың балалары бөбекжайлар мен балабақшаларға орналастырылмаған, соның салдарынан әйелдерді еңбекке тарту мүмкін болмаған. Шұбарқұдық станциясындағы арнайы қоныс аударылғандарға көрсетілетін материалдық-тұрмыстық қызметтің қанағаттанарлықсыз деңгейде болуы жоғары өлім-жітімге әкелген. Қазақстан К(б)П аудандық комитеті мен аудандық Кеңес атқару комитеті арнайы қоныс аударылғандарды еңбекке орналастырумен нашар айналысқан.

Қобда ауданында Ақырап және Жарық совхоздарында арнайы қоныс аударылғандар жөнделмеген тұрғын үйлерге орналастырылған. Совхоз басшылығының салғырттығы салдарынан арнайы қоныс аударылғандар өздеріне тиесілі нан паегін де ала алмаған, әрі нан ұн түрінде емес, астық күйінде беріліп, бұл олардың материалдық жағдайын қиындауына әсерін тигізген. Арнайы қоныс аударылғандарды еңбекке орналастыру мәселесін совхоз басшылығы шеше алмаған. Совхоз директорлары арнайы қоныс аударылғандардың жағдайын жақсарту үшін тиісті шаралар қабылдаудың орнына, оларды совхоздан шығарып жіберуді талап еткен. Соның салдарынан Жарық совхозының 2-фермасында мемлекет тарапынан берілген 13 қашардың 8-і сойылып кеткен.

Бершоғыр кеніштерінде жұмыс істеп жүрген арнайы қоныс аударылғандарға, отын бар болғанына қарамастан, ол тұрғын үйлеріне жеткізілмеген. Осындай жағдай «Құрашасайкөмір» шахтасында да орын алды. Осы уақытқа дейін Мәртөк, Қобда, Ключевой, Новоресей, Степной және басқа да аудандарда арнайы қоныс аударылғандарға берілуі тиіс мал толықтай таратылмаған. Аудандардың басым бөлігінде бөлінген тері шикізатынан аяқ киім мен киім тігу жұмыстары дер кезінде аяқталмай отырған [14, 9-9 п. аб]. 1944 жылдың 14 қарашасына дейінгі жағдай бойынша кейбір аудандарда осындай ахуал қалыптасты.

**Қорытынды.** Осылайша, архивтік құжаттар шешен арнайы қоныс аударылғандардың Ақтөбе облысындағы тұрмыстық және әлеуметтік-экономикалық жағдайының ауыр болғанын айқын көрсетеді. Оларды тәрбиелеу, еңбекке орналастыру және саяси-бұқаралық жұмыс жүргізу ісі тиісті деңгейде ұйымдастырылмаған, тұрғын жайлардағы антисанитарлық жағдай мен медициналық көмектің жеткіліксіздігі аурушандықтың кең таралуына әкелген. Мұндай жағдайлар арнайы қоныс аударылғандардың әлеуметтік бейімделуін қиындатып қана қоймай, жекелеген қылмыстық сипаттағы әрекеттердің орын алуына да себеп болған. Атап айтқанда, өзара және жергілікті тұрғындармен қақтығыстар, колхоз мүлкін ұрлау сияқты фактілер тіркелген. Бұл деректер кеңестік билік органдарының арнайы қоныс аударылғандармен жұмыс жүргізудегі салғырттығын, сондай-ақ депортациялық саясаттың аймақтық деңгейде елеулі әлеуметтік қайшылықтар туындатқанын көрсетеді. Жалпы бұл кеңестік биліктің кавказ халықтарын Қазақстанға, соның ішінде Ақтөбе облысына күштеп көшіру саясатының нәтижелері болды. Сонымен бірге жоғарыда ресми биліктің әрекеттеріне қарасты келтірілген фактологиялық мәліметтер сол тұстағы тоталитарлық жүйенің кеңестік империя құрамындағы халықтарға қарасты ұстанымдарын көрсетеді

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы [Текст]. – Алматы: Арыс-Казакстан, 1998. – 428 с.
- 2 Бугай, Н.Ф. Л. Берия – И. Сталину: согласно Вашему указанию... [Текст] / Н.Ф. Бугай. – М.: Изд-во «АИРО-XX», 1995. – 319 с.
- 3 Козыбаев, М.К. История и современность [Текст] / М.К. Козыбаев. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 203 с.
- 4 Козыбаев, М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски [Текст] / М.К. Козыбаев. – Алматы: Ғылым, 2000. – 184 с.
- 5 Алдажуманов, К.С. Депортация народов – преступление тоталитарного режима [Текст] / К.С. Алдажуманов, Е.К. Алдажуманов. – Алматы: Фонд «XXI век», 1997. – 243 с.
- 6 Кульбаев, Т. Депортация [Текст] / Т. Кульбаев, А. Хегай. – Алматы, 2001. – 267 с.
- 7 Калыбекова, М.Ч. История депортированных народов Казахстана (1937–1956 гг.) [Текст] / М.Ч. Калыбекова. – Алматы, 2008. – 188 с.
- 8 Кыдыралина, Ж.У. Спецпереселенцы и трудармейцы в Западном Казахстане (1937–1956 гг.) [Текст]: дис. ... канд. ист. наук: 07.00.02 – Отечественная история / Кыдыралина Жанна Уркинбаевна. – Алматы, 2000. – 185 с.
- 9 Орымбаев, А.Т. Депортация чеченского и ингушского народов в Казахстан в годы Великой Отечественной войны и их положение в послевоенные годы [Текст] / А.Т. Орымбаев. – Астана, 2006. – 84 с.
- 10 Ермекбаев, Ж.А. Чеченцы и ингуши в Казахстане. История и судьбы [Текст] / Ж.А. Ермекбаев. – Алматы, 2009. – 506 с.
- 11 Табулденов, А.Н. Депортации народов и эвакуация населения в Северный Казахстан (1937–1956 годы) [Текст] / А.Н. Табулденов. – Костанай, 2015. – 192 с.
- 12 Шотбакова, Л.К. Депортация народов Кавказа в Казахстан: история и проблемы реабилитации [Текст] / Л.К. Шотбакова // Вестник Карагандинского университета. Серия: История. Философия. – 2022. – № 1(105). – С. 170–180.
- 13 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 13-қор. 13-тізбе. 22-іс.
- 14 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 13-қор. 13-тізбе. 31-іс.
- 15 Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві (АОМА). 6-қор. 1-тізбе. 544-іс.

## REFERENCES

- 1 Deportirovannye v Kazakhstan narody: vremya i sud'by [Deported Peoples in Kazakhstan: Time and Fate]. Almaty: Arys-Kazakhstan, (1998): 428 p. – (In Rus)
- 2 Bugai, N.F. L. Beriia – I. Stalinu: soglasno Vashemu ukazaniyu... [L. Beria to I. Stalin: According to Your Instruction...]. Moscow: AIRO-XX, (1995): 319 p. – (In Rus)
- 3 Kozybaev, M.K. Istoriya i sovremennost' [History and Modernity]. Alma-Ata: Gylym, (1991): 203 p. – (In Rus)
- 4 Kozybaev, M.K. Kazakhstan na rubezhe vekov: razмышleniya i poiski [Kazakhstan at the Turn of the Century: Reflections and Searches]. Almaty: Gylym, (2000): 184 p. – (In Rus)
- 5 Aldazhumanov, K.S., Aldazhumanov, E.K. Deportaciya narodov – prestuplenie totalitarnogo rezhima [The Deportation of Peoples as a Crime of the Totalitarian Regime]. Almaty: Fond «XXI vek», (1997): 243 p. – (In Rus)
- 6 Kul'baev, T., Hegai, A. Deportaciya [Deportation]. Almaty, (2001): 267 p. – (In Rus)
- 7 Kalybekova, M.Ch. Istoriya deportirovannyh narodov Kazakhstana (1937–1956 gg.) [History of the Deported Peoples of Kazakhstan (1937–1956)]. Almaty, (2008): 188 p. – (In Rus)

---

8 Kydyralina, Zh.U. Specpereselency i trudarmeicy v Zapadnom Kazakhstane (1937–1956 gg.) [Special Settlers and Labor Army Members in Western Kazakhstan (1937–1956)]: dis. ... kand. ist. nauk: 07.00.02 – Otechestvennaya istoriya. Almaty, (2000): 185 p. – (In Rus)

9 Orymbaev, A.T. Deportaciya chechenskogo i ingushskogo narodov v Kazakhstan v gody Velikoi Otechestvennoi voiny i ih polozhenie v poslevoennye gody [The Deportation of the Chechen and Ingush Peoples to Kazakhstan during the Great Patriotic War and Their Situation in the Postwar Years]. Astana, (2006): 84 p. – (In Rus)

10 Ermekbaev, Zh.A. Chechency i ingushi v Kazakhstane. Istoriya i sud'by [Chechens and Ingush in Kazakhstan. History and Fate]. Almaty, (2009): 506 p. – (In Rus)

11 Tabuldenov, A.N. Deportacii narodov i evakuaciya naseleniya v Severnyi Kazakhstan (1937–1956 gody) [Deportations of Peoples and Evacuation of the Population to Northern Kazakhstan (1937–1956)]. Kostanai, (2015): 192 p. – (In Rus)

12 Shotbakova, L.K. Deportaciya narodov Kavkaza v Kazakhstan: istoriya i problemy reabilitacii [The Deportation of the Peoples of the Caucasus to Kazakhstan: History and Problems of Rehabilitation]. Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya: Istoriya. Filosofiya. (2022): No. 1(105), p. 170–180. – (In Rus)

13 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi (AOMA) [State Archive of Aktobe Region]. 13-kor. 13-tizbe. 22-is. – (In Kaz)

14 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi (AOMA) [State Archive of Aktobe Region]. 13-kor. 13-tizbe. 31-is. – (In Kaz)

15 Aktobe oblysynyn memlekettik arhivi (AOMA) [State Archive of Aktobe Region]. 6-kor. 1-tizbc. 544-is. – (In Kaz)